

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.1, Ч.1 - Б.190-192

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БУРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ «АҚЫЛБАЙ» АШК ЖАҒДАЙЫНДА СЕПТОРИОЗАУРУЫМЕН ЗАЛАЛДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗДЫҚ БИДАЙДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН САПАСЫ

Шаймерден Б.

Аңдатпа: Ақмола облысы Бурабай ауданының «Ақылбай» АШК жағдайында жаздық бидайда таралған бірнеше ауру түрлері бар. Солардың ішінде септориоз ауруына тоқталсақ. Бул ауру екі түрмен белгілі: *Septoria nodorum* және *Septoria tritici*. Ауру белгілері: жапырақтар *Septoria tritici*-мен зақымдалғанда дөңесше келген сарғыш – қоңыр жолақты дақтар немесе ортасы сұр – боз болып келген қара – қоңыр дақтар түрінде байқалады, олар баяу бірігіп некротикалық жолақтар құрайды, ал *Septoria nodorum* зақымдалғанда жапырақ некрозы (жасушалар тобының жансыздануы) мен хлоротикалық дақтар түрінде аурудың ерекше түрінде байқалады [1,2]. Зияндылығы: Өсімдіктің жер бетіндегі мүшелерін (жапырақ, жапырақ қынабы, сабақ, масақ білігі, масақ қабыршағы және дән) зақымдайды. Нәтижесінде жапырақтардың өлуіне, сабақтың буынаралығының және масақ қабыршағының зақымдануына әкеліп соқтырады, өсімдіктің фотосинтетикалық белсенділігін төмендетеді, вегетациялық кезеңін қысқартады. Ауруға шалдыққан өсімдіктер дәндерінің өнімділігі төмендеуі негізінен масақ дәнділігінің және дән массасының төмендеуінен болады [3,4].

Кілттік сөздер: аурулар, септориз, *Septoria nodorum*, *Septoria tritici*.

2019 жылы дәнді дақылдардың өсу кезеңінде климаттық жағдай өте қолайлы болды. Егу қалыпты жылу режимі және жақсы ылғалдану жағдайында жүргізілді. Мамыр айында жылы және ылғалды ауа райы байқалды. Маусымның бірінші онкүндігінде жауын-шашын 63.3 мм болды [5]. Ауа ылғалдылығы жоғары және шілденің орташа тәуліктік температурасы дәнді дақылдар үшін неғұрлым қолайлы болып шықты, жақсы түйсінуге және өнімді масақтың қалыптасуына ықпал етті. Үлгілердің негізгі массасының пісуі тамыз айының соңы мен қыркүйек айының басына тура келді. Осы жылдың жағдайында өнімділік деңгейі жоғары болды [6,7].

Жаздық бидай - ұзақ күндегі өздігінен тозаңданатын өсімдік, өсу және даму процесінде ол күздік бидай сияқты органогенез фазалары мен кезеңдерінен өтеді. Өскеннен кейін (1 және 2 кезеңдер) жаздық бидай күздік бидайға қарағанда арамшөптермен баяу дамиды. Тамыр жүйесі әлсіз дамумен (әсіресе қатты бидайда) және төмен сіңіру қабілеттілігімен сипатталады. Орташа өнімді масақ 1,22-2 аралығында ауытқиды. Астық салыстырмалы түрде ірі. Жұмсақ бидайдағы 1000 дәннің салмағы - 35-45г, қатты бидайдағы -

40-45г [8,9].

2019 жылы Ақмола облысы Бурабай ауданының «Ақылбай» АШК жағдайында ауылшаруашылық ғылыми тәжірибиелік станциясында, жаздық бидайды аурулардан қорғау және олардың дақылдың өнімділігіне әсеріне бақылау жұмыстарын жүргіздік.

Кесте 1– Жаздық бидайда аурулардың таралуы мен дамуы мониторингінің нәтижелері, 2019 жыл

Ауру	Жапырақтардың, сабақтардың зақымдану индексі (%)	Сынамалардағы өсімдіктер ауруларымен зақымданған саны										Орташа өрсеткіш		
												0		$\sum ab$
Септориоз	30													С П

Фитосанитарлық технологиялардың өсімдік қорғауда келесідей тәсілдері қолданылады:

- Зиянды ағзаларға төзімді сорттары;
- Агротехникалық шаралары;
- Биологиялық қорғау шаралары;
- Химиялық қорғау шаралары.

Бастапқы екеуі негізгі бастамасы және ұзақ мерзімді қорғау шарасы болып табылады. Бұл шаралар ЭЗШ-не негізінде жүргізіледі. Ал биологиялық және химиялық өсімдік қорғау шаралары жедел (оперативтік) әдістерге жатады. Мұндай қорғау шаралары ЭЗШ негізінде жасалады.

Кесте 2 - Жаздық бидайдың даму кезеңдері барысында жүргізілген фитосанитарлық шаралар, 2019 жыл

Жаздық бидайдың даму фазалары	Зиянды организмдер	Қолданылған қорғау шаралары
1	2	3
Тұқым себу жұмыстары		Себер алдында тұқымды дәрілеу
Тұқымның өнуі, егін көгі	Сымқұрттар, тамыр шірігі, астықтың жолақ бүргесі, тозаңды қара күйе, тасты қара күйе.	
Түптену	Жапырақ жегілер, арамшөптер.	-
Түтікке шығу	Бидай трипсі, сары тат, швед арпа шыбыны, жолақты дақ.	Каратэ зеон 050 инсектицидімен

		бүрку жұмыстары жүргізілді.
Масақтану, гүлдену	Бидай трипсі, зиянды бақашық қандала, сүлікше қоңызы, астық бітесі, жолақты дақ, қоңыр тат, торлы дақ, ринхоспориоз.	-

АШК Ақылбайда ("Есіл Агро"ЖШС) себер алдында жаздық бидай тұқымы Ламадор, к.с. шығын мөлшері – 0,2 л/га болатын улағышпен өңделген болатын. Жаздық бидайдың вегетациялық даму кезеңдері бойынша қорғау шаралары жүргізілді. Яғни, 12 – кестеде көрсетілгендей жаздық бидайдың түтікке шығу кезеңінде Каратэ зеон 050 шығын мөлшері - 0,15 л/га инсектицидімен бүрку жұмыстары жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Агротехнические методы исследования почв. – Изд. пятое, доп. и перераб. - М.: Наука, 1975. – 656 с.
2. Азаров Н.К. Научные основы агроландшафтной организации землепользования и энергосберегающих приемов возделывания зерновых культур в Северном Казахстане / Н.К. Азаров // Автореф. ... д-ра с.-х. наук. – Алматы, 1986. – 42 с.
3. Беляков И.И. Агротехника важнейших зерновых культур. - М.: Высшая школа, 1983.-207 с.
4. Гольдаде Э.Л. Обработка почвы в районах с сильно выраженной ветровой эрозией. «Земледелие», 1957, № 10.
5. Гуренев М.Н. Основы земледелия - М.: Агропромиздат, 1988.-478 с.
6. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. М. Агропромиздат, 1985, 351
7. Сулейменов С.И., Абдрахманов М.А., Амергужин Р.Ш., Сулейменова З.Ш. и др./Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. - Астана: 2009.
8. Зинченко И.Г. Отвальная вспашка в системе плоскорезной обработки почвы / И.Г. Зинченко // Вестник с.-х. науки. – 1974. - № 7. – С. 54-58.
9. Качинский Н.А. Физика почв. Ч.1. – М.: Высшая школа, 1965
10. Справочник пестицидов (ядохимикатов) разрешенных к применению на территории Республики Казахстан. 2014 г.